

егемен Қазақстан

Жігерімізді жаныды, намысымызды қайрады
(Ақын Несіпбек Айтұлы аударған Әлішер Науаидың «Ескендір қорғаны»
дастанының қайта басылымын оқығаннан кейінгі ой)



Ұлылардың жолы қашан да ауыр болған. Ол заңды да. Себебі, даналар халықтың қасіретіне, қуанышына суарылып, туған топырағының өзегін езген қан мен көз жасына жүрек тамырын тереңдетіп өскен пәни жалғаннан биік, бақилықпен де тең дәрежеде тілдесе алатын Алланың елшілері. Оларда тамыртаныс жоқ, тек қана шындық бар. Табиғаттың өзі жаратқан табиғи қобыз, көкірегінде қандай зар бар, соны ғана жырлайды. Сондай ісі адамзат тарихындағы жинақталған ұлы мәдениеттің қайталанбайтын текті заттарының бірі және бірегейі – шерлі де дертті Әлішер Науаи.

Оның атының өзін көне түркі тіліне жақындастырып, қазақша айтсақ – Шерлі қобызшы, Шерлі жыршы, Шерлі Білге. Ол – мұқым түркі халқының ұзақ та қасіретті тарихында замандар бойы қаны мен жанында тамшылап жинақтап, қағанаттары күйреп, қалалары қирап, қаңырап қалғанда да қасық қанындай сақтаған, құлдық пен тәуелділікке көнбеген, еркіндіктің рухындай боп қайнаған және соның бәріне шыдап, төзіп, қанымызды жанып, рухымызды қайраған түркі тілінің пайғамбары. Бұл – жай ғана қызыл сөз емес, ол – Әлішердің қасіреті, біздің, исі түркі халқының бақыты. Дәлірек айтсақ, осы қасірет пен бақыт көне түркінің бүгінгі бұтарланған бұтақтары мына сіз бен бізге де ортақ. Әлішерді күңіреткен күйдің әуені өзгере қойған жоқ. Әлішерді шырмаған түйін шешілген жоқ. Әлішердің арманы – сол арман күйінде қалып келеді. Жанымыз жабыққанда, қайратымыз қайтқанда, ақылымыз тұманданып, шарасыздықтан тарыққанда әлі де Әлішерге жүгінеміз. Содан медет іздейміз. Оған куә ретінде ойымды осы арада үзетұрып, қазақтың басына төнген ең бір қиын сәттегі мына бір жайды мысал ретінде келтіре кеткім келеді. Өйткені, сондай азалы күндерде жебеп қолдаған әруағымның шарапатын ешқашан ұмыта алар емеспін.

Елдік пен ездіктің, бостандық пен бодандықтың бағасын сынаған желтоқсан оқиғасынан кейін қарақұс-Колбиннің қанаты Алматы аспанын бүркеп, тұмшалай тұншықтырып тұрған шақ еді. Ішіндегі қыз-қыз қайнаған ашу ызаны, еркіндік құрбандарының мазасын күні-түні тіміскілеген тыңшылардың жас қыршындарды бірінен кейін бірін түрмеге тоғытып жатқандағы қарсылығыңды сыртқа шығара алмай, булығып жүргенде қапалы жанымды ақын досыма жайып салдым. Сонда ол: қалайда Колбинге жағу үшін жанталасып, өзіміздің ішімізден шыққан жағымпаздардың қылығын естігенде:

– Патшаға бағынған ел жүз мыңдаған,
Бөлініп топ-тобымен тозғындаған.
Патшаның не дегенін орындатып,
Жақыны ел билейді арын сатып:
Олардан қалыспайды әмірлер де,
Қожа боп қалу үшін әрбір елге.
Таласып әмірлікке қол басылар,
Бір-бірін жарға жығып, орға тығар,
Қолбасы сайлансам деп мыңбасылар,
Естуге хан жарлығын күнде асығар.
Мансапқа кім болса да жанын сатқан,
Ғадет қой келе жатқан әлімсақтан.
Қайсы ұлыс билесе де талас тынбас,
Құртқанша көзін жойып тағат қылмас.
Күштілер өз маңайын тұншықтырар,
Көнбесе табанымен жаншып тынар – деп
Әлішер атаң айтқан емес пе! – дегені.

Тас қараңғыны бүркенген жаным терезе тауып, әлсіз сәуле көрінгендей сергіп қалдым. Бес жыл бойы «Ескендір қорғаны» тәржімалауға күні-түнін құрбанғып жүрген досымның еңбегінің жанатын кезі жеткен екен. Өзінің қасіретін өзі жазбаса да Әлішер арқылы шабытын төккен екен. Елдің қайғы-мұңын, жан ашуын жеткізудің жолы – қанды қол әмірші туралы Әлішердің жазғанын жариялау. Ішінен тынып, оқиға кезінде: «Алаңнан әскерді әкетіндер» – деп айғай салған «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, жазушы Шерхан Мұртазаевқа ертеңінде алып барды. Оқыды. Ақынның ойын бірден түсінді. «Әлішер бабам қалай айтқан, е...» – деп емеурін танытты да келесі санға жариялап жіберді. Өзгені білмеймін, дәл осы үзіндіні зиялы қауым бірден ұғып, өзара сыр ашқанда:

Құдайым кәпір шаһқа кез қылмасын,
Еңіреп елің төгер көздің жасын.
Патшаның кәріне кім ұшыраса,
Зықысы шығар әбден түсі қаша.

Шырағы үмітінің мүлде сөнер,
Әділдік болмаса егер кімге сенер?,
– деп ішінен күрсініп бір сөзін өзгертіп айтып:

«Әруағыңнан айналайын, Әлішер, бүгімімізді болжап кетіпті ғой» – деп тәубе етіп жүрді. Шындығын айтсам, өз басым және мен сияқты Әлішер Науаидың төңкеріске дейінгі қазақша қиссаға айналған шығармаларын оқымаған жандар ұлы бабасын сол жолы қайыра таныды. Бұдан кейін де сан рет үзінділер жарияланды. «Ескіні неге басасыңдар?» деп кіжінгендер де табылды. Бірақ ол сөзді Несіпбек естіді. Ал Әлішер бабамызға Хұсайын Байқара да, Сталин де, Колбин де ештеңе істей алмайтын. Ол сондықтан да – Әлішер. Заманға иленбейтін, заманы ескірмейтін және Абай айтқандай «заманына күйлемейтін» Әділет атты пайғамбардың ақ жолынан таймаған ақын. Оны ұмытып бара жатқан ұрпақтарын ең қиын сәтте еркіндіктің рухы боп, қолтығынан демеп, қыспақтан шығарып жібереді. Айтарын айтып, халқының зарын қозғап, тыңдаушының жүрегіне жеткен сол:

Уа, жыршы, жүрегімді үзілдірші,
Сазыңмен түркі әуенін сызылдыршы!
– деп рахат бір күй кешеді, іле тағы қапаланып:
Мұңлықпын жанын жеген сарыуайым,

Түркіше бәйіт төкші жадырайын! – деп армандайды. Неге? Әлішердің барлық көкірек шері осындай. Ол дүниеге, билікке, жеке бастың еркіндігіне, ән мен күйге зәру болған адам емес. Алла тағалам оны пендешіліктегі барлық мұқтаждықтан құтқарған. Оған бір-ақ нәрсе жетпеді. Ол – өзінің емес, елінің бостандығы. Хұсайын Байқараның иелігіндегі – Ғират теңізіндей толқыған түркінің бір тамшысы ғана еді.

Әлішер бүкіл түркі жұртының тартылған теңіздей бөлшектеніп, тозған жібектей ыдырап бара жатқанын көзімен көріп, бір-біріне жатбауыр болып бара жатқанына жанұшырды, айғайлады. Шығысын – шынмашын биледі, батысын сақлабтар тұқыртты, оңтүстігін – арабтар икемдеді. Бүкіл түркі елі жырымдалып, ортақ тіл табысудан қалды. Тіпті, өзгені қойғанда өзбек, қазақ, ноғайлы, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт боп бір алаш – алты алашқа айналды. Өзге түгіл өзінің Самарқанға баруы басына қауіп төндірді. Мемлекеттік тілі де өзгеріп, бірі қытайдың, бірі сақлабтың, бірі арабтың, бірі – парсының ықпалымен сөйлеуге көшті. Ұлы ғұламалар, Әл-Фараби сияқты данышпандар да өз еңбегін өзге тілде жазды. Бұл – түркінің көне білім көзінің суалуына әкеліп соғатын еді. Сол кезде Әлішер – Әлішерлігін танытты. Біз бабамыз деп аңызғып айтып, мақтанып жүрген даналардың бірінің жүрегі дауаламаған ерлік жасады. Ол өз шығармаларын түркі тілінде жазды. «Фарсы тілі – өлең үшін, араб тілі – ғылым үшін жаралған» деген қағидаға қарсы шықты. Ұлы Низами де мұндай тәуекелге барған жоқ болатын. Оны – пайғамбар тұта отырып өзінің сыйынған пірінің қателігін түзеді. Әлішердің тек осы қасиеті үшін де әрбір түркі халқының бұтағы оған қарыздар. Ол үшін біз де иіліп тәжім етеміз. Әлішердің қасіреті, біздің бақытымыз деп отырғанымыз осы. Егер ол болмаса осы күндері түркі тарихының түтесін шығарып жүргендер біздің тіліміз өз еркімізбен ұлы империяға қосылғаннан кейін, не төңкерістен соң кәлимаға келе бастап еді деуден тайынбас еді. Сондықтан, Әлішер Науаи мерейі – тек бүгін айдай әлемге мақтаныш еткен өзбек ағайындардың ғана емес, исі түркі халқының мақтанышы. Біздің тілімізде жаһангерлік тілімнен сақтап қалған ең алғашқы жауынгер ол. Бір атадан тарағанымыз рас болса – қуаныш та, қасірет те, елдік пен ерліктің мерекесі де ортақ. Өйткені, Науаи – сан мыңдаған жылдар бойы сонша тірнектеп жиып, ең асыл қасиеттерін іріктеп, мұқым мәдениетін шығарған исі түркі халқының ұлы өкілі, дүние тарихына қосқан ақыл-ойының жемісі. Тувадан – Түркияға дейінгі қауымның ту ұстары. Тек Әлішерді жарық дүниеге әкелгені үшін де түркі мәдениеті төрден орын алуға қақылы. Бұл асырып айтқандық емес, шындықтың нақ өзі. Менің бұл арада өзбек деуге тілім келмей тұрған жоқ, оған бір Алладан басқаның рәуіші болмас, тек ұлы тұлға үшін өзімнің де мақтанышымды және мақтануға қақымыз бар екенін білдіре кету. Біріміздің қуанышымызға біріміз қуана

білейік, себебі, біз бір тамырдан нәр алатын ұлы бәйтеректің бұтақтарымыз. Көгерсек бірге көгереміз, қуарсақ бірге қуарамыз деген ойды білдіру.

Өкінішке қарай, Әлішер бабамыздың сол арманы – арман күйінде қалып келеді. Оның дүние тілінде еркін көсіліп сөйлей алмай келе жатуы, тіпті, өзіміздің жете тани білмеуіміз қабырғамызды қайыстырады. Өзгелерге келгенде дайын тұратын пейіліміздің өзімізге келгенде тарылып қалатыны қинайды. Ұға білген адамға бір Әлішердің ұлағатының өзі – университет емес пе. Жатбауырлықтан сақтауға шақырған Әлішердің үні қазақ халқына ең бір қиын күндерді басынан кешіп отырғанда тағы да естілді. Ол бізге ағайын бауырмалдықтың, жанашырлықтың жаны біргеліктің лебіндей болып естілді. Әуелі ол үшін ұлы Әлішердің әруағына бас иеміз. Есеміз кетіп, кегіміз қайтпаған тұста қарымтамызды қайырды. Бүгінгі қайта оралған шындық туралы жырдың ақ жолын Әлішер бастап берді. Соған Несіпбек Айтұлы сияқты өзегі өлеңге өртенген ақын себепші болды. Тегінде ісі түркі халқы бірін-бірі танымай, бір-бірін сыйламай ұлы мұратқа жете алмайды. «Өзіңді өзің сыйласаң – жат жанынан түңілер», деген.

Дәл осы мәселенің бүгінгі күнде ісі түркі жұрты үшін ерекше маңызы бар. Тағдырдың жазуы солай ма, жоқ, тарихтың ащы сабағының бірі ме, кім білсін, сонау орта ғасырда жаңбырдан кейін қаулап өскен қызғалдақтай құлпырған түркі халқының ғылыми ойы жат топыраққа дәнін сеуіп, бөгде тілдің көсегесін көгертті. Әр империяның телімінде кеткен «елдің ақылы» сол қауымның рухани мұрасына айналды. Біз қазір Әл-Фарабиді, Ибн Синаны, Низамиді, ӘлЖауһариді ана тіліне енді ғана аударып, олардың жанына емес, қанына иелік етіп отырмыз. Соның нәтижесінде ісі түркі жұртының ғылыми терминдері араб, парсы, орыс, қытай, латын тілінен алынып қолданылуда. Айырылмастай сіңіп кеткендері де бар. Бірақ, соның өзін мұқым қандас халықтар бір ізге түсіріп, ортақ ұғымды нұсқа ретінде ұстануға болар еді ғой. Кезінде Абай мұндайды:

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол ақынның білімсіз, бейшарасы,

– деп сынап еді. Бұған Фитрат пен Шолпан үнін қосып: «Түркі тілі неткен қасіретті, жолың ауыр еді», – деп күйінді. Біз бұл ғұламалардың сөзі түгіл өзінен де безініп келген едік. Оған Әлішер Науаи үлкен тұғырлы тұтқа бола алады.

Күндей боп шыға келсе көкке биік,

Сәулесін таратады көпке құйып,

– деп Науаи дананың өзі айтқандай, ісі түркі халқының ақыл-ой кенішін зерттеп, бір арнаға құйғанда ғана барлығымыздың бақытымыз жеңеді, өрісіміз кеңейеді, үзілген тамырларды жалғаймыз. Онсыз кенжеміз жетіліп, кемшініміз толмайды. Сонда ғана:

Заматта бақыт оты шалқып жанар,

Сағынып табысудан артық не бар,

– деген Әлішердің арманының орындалғаны деп білеміз. Ұлы ақынның сол мұратын жүзеге асырып, үзілген жіпті жалғаған жанның бірі Несіпбек Айтұлы. Оның аудармасының қазақ тіліне әрі жатық, әрі дәл және көрмек жеткені сондай, оған төлтума ретінде қарайсың.

Әлішердің өзі әр шумақты қазіргі қазақ тілінде жазғандай сезінесің, бұл жаны жақын досқа жан тартқандай емес, шындықты жасыра алмай сүйініштен туған пікір. Тіпті, ашығын айтсақ, Әлішер Науаидың дастандары мен ғазалдары дәл Несіпбек тәржімалаған дәрежедегідей сай қалпында қазақ тілінде бұрынды-сонды жеткен емес. Рас, үлкендікішілі, талантты-талантсыз ақындар бойындағы барлық күшін сарқып көрді. Алайда, тағдыр және Әлішердің құдіретті де тұңғыық танымы Несіпбекке өзінің құпиясын ашып, сәтін салды. Мұның астарында таланттың талқысымен қоса азапты еңбек жатыр. Ол түпсіз тұңғыық құдықтың зәмзәм суының бір тамшысын қалдырмай әрі дәмін жоғалтпай және мөп-мөлдір, сұп-суық қалпында жерасты арқылы сүзіп екінші құдыққа ауыстырғандай әсер қалдырады. Сый үшін, сыпайылық үшін айтылған сыралғы сөз емес, нағыз ақиқаттың өзі. Мақтайтын сөзге Несіпбек зәру емес және мұндай ізет ке өзінің өлеңдері де лайық. Алайда, Әлішердің аты – Әлішер. Оны түсініп, жанына жан жылуын

қосып жарқыратып беруі кез келген менменсінген ақынның қолынан келе бермейді. «Ескендір қорғанын» оқыған қазақ мәдениет қайраткерлерінің бұған сүйінбегені және бір ауыздан таңдай қақпағаны аз.

Уақыт озар, Әлішердің дүние жүзі елдердің тілдеріне аударылған шығармалардың ішіндегі үздік тәржімаланған нұсқасын сараптайтын уақыт туар. Сонда Несіпбектің қаламынан шыққан Әлішердің дастаны ең алдыңғы тізімде бірінші қатарда тұратыны анық. Сенбеген ағайын жұрт түпнұсқа мен тәржіманы салыстырып қарасын, көркемдік шеберлігіне зер салсын. Несіпбектің аудармасы Әлішер әлемімен еркін тыныстап, бауырын жерден парсат бойы биік көтеріп, құйыла шарықтап, тынысыңды кеңейтіп, өзімен қоса ұлы рухтың күш-қуатымен жебей елітеді. Менің бұл сөзімді науаитанушылар кезінде растайтынына күмәнім жоқ. Дәйім, Науаидың жолы аудармашыларға келгенде тура осы Несіпбектей қысқа да нұсқа һәм парасатты пайымдайтын тиянақты, арлы ақынға түйісіп отырса, онда сіздің де, біздің де бақытымыздың жанғаны. Үзілген жіпті осындай түйіншексіз жалғайтын жігіттер арқылы бір-бірімізді байытамыз. Соның бір көрінісін мен сонау жылдары сол бір қиын тұста сезініп ем.

Кеңес әдебиетінің Өзбекстандағы күндері аяқталған кеш еді. Ол – «мақта ісі», «өзбек ісі», «рашидовшылар» деген қауесеттің қаһарына мініп тұрған кезітін. Өлмес Омарбеков пен Пірмат Шермухамедовтың тобында жүріп сол қасіретті өз басымнан кешкендей болып күйініп, Мұхамед Салих пен Осман Азизовтың уытты жырларына одан бетер өртенген кезімде Әлішердің атының буынын ауыстырып қойған Шерәлі әнші Шыршықтағы демалыс үйінде бүкіл Одақтан келгендерге естірте тұрып, Желтоқсанның ызғары өзін де, бүкіл өзбекті де қарып кеткенін айтып, қазақша «Алатау» әнін айтқанын қалай ұмытайын. Ол кезде мұны ашық айту, қазақ жерінде ғана емес, өзбек елінде айту үлкен ерлік болатын. Ол жөнінде қойылған сұрақтарға аңдап жауап беріндер деп сыбырлап жүргендер қаншама еді. Несіпбек сияқты кіндік байланыстыратын дәнекерлер барда ынтымақ үзілмейді деп сенемін. Мұның барлығын кірістіріп отырғаным орынсыз да көрінер. Бірақ мен Әлішерді, ұлы Әлішер Науаиды және Абайды оқығанда үнемі осындай бір елдік қасиеттер туралы ойға қаламын. Екеуінің де, ұстаз бен шәкірттің де арманы бар. Ол – елдік. Сол елдікке дәнекер көбейсін. Аударманың қайта басылымын оқығанда осындай шешімге келдім.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ
жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор.